

Аязбеков Ардақ Керімханұлының 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Түркістан облысындағы жүкті жасөспірімдерге акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді жетілдіру»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

## **АҢДАТПА**

### **Мәселенің өзектілігі**

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, жасөспірім қыздардың жүктілігі мен босану мәселесі өзекті болып қала беруде. Бұл ең алдымен, мәселенің күрделілігімен және жан-жақтылығымен түсіндіріледі, ол тек қана медициналық емес, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын көрсетеді, осы орайда Новикова Г.А. және Соловьева А.Г. ойынша [1] әлеуметтік және медициналық бөлім- бір-бірімен тығыз байланысты екі құрамдас бөліктерге жатады.

Репродуктивті жастағы әйелдер санының азаюы көбінесе олардың денсаулығының нашарлауымен байланысты, бұл өз кезегінде репродуктивті потенциалдың төмендеуіне әкеледі [3,4], сондай-ақ бедеулік мәселелері мен оның басталуы көбінесе жасөспірімдік шақта пайда болады. М.В.Кулигина және соавторлардың [5], Е.Н. Илларионова [6], Турдалиева Г.С. [7] жұмыстарында жасанды түсік жасату, жоспарланбаған жүктілік және жасөспірімдердегі патологиялық босану әйелдердің репродуктивті қызметін тоқтатуға соқтыратынын көрсеткен. Әдебиеттерде жасөспірімдердің физикалық даму ерекшеліктерінің жүктілік пен босануға деген әсері жайлы мәселелер аз қарастырылған. Сонымен қатар, көптеген отандық және шетелдік авторлар жүргізген популяциялық зерттеулер жасөспірімдердің физикалық параметрлері мен жыныстық жетілу мерзімдеріндегі елеулі өзгерістердің бар екенін көрсетеді [30-31].

Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықты орналастыру қорының (ЮНФПА) ұлттық бағдарламалар координаторы Ғазиза Молдақұлованың айтуынша, соңғы бес жылда Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 1200 кәмелеттік жасқа толмаған қыз тұрмысқа шыққан. Еліміздегі тіркелген некелердің жалпы саны бойынша ерте отбасын құру көрсеткіші шамамен 7%-ды құрайды. Ерте некеге тұру, ең алдымен, кейбір диаспоралардың және Түркістан, Алматы, сондай-ақ Батыс Қазақстан облыстары ауылдық округтерінің тұрғындары арасындағы тәрбие мен дәстүр мәселелеріне байланысты.

Жасөспірімдер арасындағы жүктілік пен босанудың себептерін және оның таралуын зерттеу барысында - қазіргі жүкті жасөспірім қыздарда жыныстық белсенділіктің ерте басталуы, білім деңгейінің төмендігі мен контрацепцияның заманауи әдістерінен хабарсыз екендігін анықталды [9-13]. Қазақстанда 2019 жылы жасөспірім қыздардың босану көрсеткіші 1000 әйелге шаққанда 12,77-ден (Алматы қаласы) 39,81-ге (Маңғыстау облысы) дейін ауытқып отырған, ал орташа республикалық көрсеткіш 24,93-ті құрады, бұл дамушы елдердегі жасөспірім қыздардың туу көрсеткішіне сәйкес келеді [14].

Келтірілген мәліметтерге назар аударатын болсақ, жасөспірімдердің жүктілігі мен босану мәселесі қазіргі уақытта жабық, қалыптасқан тақырып емес, көптеген сыртқы және ішкі факторларға, атап айтқанда жасөспірімдердің тұрғылықты жерінің аймақтық ерекшеліктеріне және жүктілік пен босану барысында көрсетілетін медициналық көмек деңгейіне байланысты, қарқынды дамып келе жатқан процесс екенін көрсетеді.

**Зерттеудің мақсаты:** Түркістан облысындағы жүкті жасөспірімдердің денсаулығын нығайту мен жүктілік алды дайындықтың ұжымдық үлгісін жасау үшін, соматометриялық және жыныстық дамуына байланысты жасөспірім қыздарға акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді жетілдіру.

## **Міндеттері:**

1. Жасөспірім қыздардың Түркістан облысындағы тұрғылықты жерін ескере отырып, соматометриялық және жыныстық жетілу ерекшеліктеріне жан-жақты баға беру.

2. Облыс бойынша 5 жыл ішіндегі (2015-2019 жылдар аралығы) жасөспірімдердің босану эпидемиологиясын және жасөспірім қыздардың соматометриялық және жыныстық дамуына байланысты ерекшеліктерін зерттеу.

3. Облыстағы жасөспірім қыздарды профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ерекшеліктерін анықтау, оның тиімділігін арттыру.

4. Жүкті жасөспірімдерге акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді жақсартуға бағытталған іс-шаралардың үлгісін жасау.

**Зерттеу әдістері:** эпидемиологиялық, аналитикалық, статистикалық, әлеуметтік, морфометриялық, клиникалық, аспаптық.

## **Ғылыми жаңалық**

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы келесі белгілермен анықталады:

- алғаш рет Түркістан облысында жасөспірім қыздардың соматометриялық және жыныстық жетілу ерекшеліктері зерттелді, жасөспірім қыздар дамуының негізгі функционалдық топтары анықталды;

- Түркістан облысында 5 жылдағы жасөспірім қыздар арасындағы бала туу динамикасы алғаш рет зерттелді;

- Түркістан облысындағы жасөспірім қыздарды профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ерекшеліктері алғаш рет зерттеліп, бірқатар келесідей фактілер анықталды: репродуктивті денсаулық сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлығы және құпия түрдегі көмекке деген қолжетімділіктің төмендігі;

- алғаш рет жүкті жасөспірімдердің жүктілік алды дайындықпен аз қамтылуының себептері, мысалы, әлеуметтік жағдайы, жасөспірім қыздардың соматикалық жағдайы туралы, созылмалы экстрагениталды

аурулардың жүктілік пен босану кезіндегі жағымсыз салдары туралы аз деңгейде хабардар болуы зерттелген;

- алғаш рет жүкті жасөспірім қыздарға акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетудің талдау нәтижелері ұсынылды және жастар орталықтары мамандарының қатысуымен Түркістан облысында жасөспірім қыздарға жүктілік алды дайындықты жүргізудің ұжымдық моделі (алгоритмі) әзірленіп, енгізілді.

### **Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы**

#### **Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы**

Өңірдегі жасөспірім қыздардың соматометриялық және жыныстық дамуының анықталған ерекшеліктері экстрагениталды аурулар деңгейін төмендетуге, диспропорционалды дамуы бұзылған қыздар санын азайту және фертильді жасқа келген жасөспірім қыздардың үйлесімді дамуын қалыптастыру мақсатында осы контингенттер арасында нақты бағыттағы профилактикалық жұмыстарды жүргізуге негіз бола алады.

Жасөспірім қыздардың акушерлік-гинекологиялық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында облыстағы жасөспірім қыздарды профилактикалық медициналық тексерудің тиімділігін зерттеу нәтижелерін осы іс-шараларды жақсарту үшін пайдалану қажет.

Облыстағы жас босанушылардың әлеуметтік-физиологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтерді, сондай-ақ жүктілік алды дайындықтың әзірленген алгоритмын акушер-гинекологтар кабинеттерінің медициналық мамандарына есепке алу кезінде және жасөспірімдерді оңалтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу кезінде пайдалану ұсынылады.

Жасөспірім босанушылардың соматикалық және әлеуметтік жағдайы туралы алынған мәліметтерді жастар орталығының мамандарына - дені сау нәрестелерді дүниеге әкелу үшін жасөспірімдердің медициналық тұрғыда ақпараттанғандығын және жүктілікті жоспарлау мен жүктілік барысындағы медициналық сауаттылығын арттыру үшін пайдалану ұсынылады.

Осы мақалада қарастырылған мәселелер жасөспірімдердің денсаулығын сақтау саласындағы профилактикалық және ағарту жұмыстарын жүргізумен айналысатын ұйымдарда жасөспірімдер арасындағы пайда болған мәселелерді шешу мен мамандардың өз жұмысын жақсарту бойынша қызығушылығын туғызуы мүмкін.

### **Зерттеудің теориялық маңызы**

Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы жұмыстың зерттеу бөліміндегі нәтижелерін облыстағы жасөспірім қыздардың соматикалық және репродуктивті денсаулығын нығайтудың ғылыми негіздерін одан әрі зерттеуде пайдалануға болатынында.

Қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау теориясында жасөспірімдердің жүктілік мәселесін оның ішінде, жасөспірім қыздардың соматикалық және соматометриялық дамуының аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, репродуктивті потенциалын, жүктілік және босану ағымын зерттеу одан әрі дамыды.

Облыстағы жасөспірімдердің жыныстық және физикалық дамуының ерекшеліктері, жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің дамуы және босану барысы туралы алынған барлық мәліметтерді медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу курстарында және акушер-гинеколог, жалпы тәжірибелі дәрігер, педиатор дәрігерлерінің біліктілігін арттыру курстарында пайдаланылуы мүмкін.

Жүргізілген талдау және зерттеу нәтижелері салааралық, ұжымдық, пәнаралық байланысты жақсартуға және жүкті жасөспірімдердің қажеттіліктеріне негізделген кешенді көмек көрсетуге бағытталған әртүрлі деңгейдегі денсаулық сақтау органдарына, стационарлық медициналық ұйымдардың басшыларына, денсаулық сақтау басқармаларына, сондай-ақ білім беру саласына пайдалануға арналған.

## **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Түркістан облысындағы жасөспірім қыздардың соматометриялық және жыныстық дамуын талдау әрбір екінші жасөспірім қыздың дисгармониялық даму нұсқаларының біріне (дисгармониялық, жедел дисгармониялық) ие болатын аймақтық ерекшелікті анықтады.

2. Жасөспірім қыздардағы жүктілікті зерттеуге бағытталған кешенді шара - жүктілік пен босану ағымының ерекшеліктері экстрагениталды аурулардың жоғары фондық деңгейіне байланысты таралатынын анықтауға мүмкіндік берді; бұл ретте жасөспірімдердің патологиялық босану жиілігі 71,3%-ға жетіп, әрбір бесінші босану мерзімінен бұрын болған.

3. Жасөспірім қыздарға профилактикалық медициналық тексеру жүргізу, олардың сапасы ұжымдық жоспарға, мамандандырылған сатыдағы бригадаға акушер-гинекологтарды енгізу, жыныстық жетілуді бағалау әдісі ретінде пубертограммаларды толтыруға бақылауды күшейту сияқты елеулі өзгерістерді қажет етеді.

4. Жүкті жасөспірімдер үшін жүктілік алды дайындық алгоритмі және емханадағы жастар орталығының ақпараттық жұмыстарға тартылуы жүкті жасөспірімдерді бақылау мен есепке алудың тиімді құралы болды.

## **Жұмысты апробациялау**

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мыналар бойынша баяндалған:

1. The Thirteen International Conference on Biology and Medical Sciences, Vienna, Austria 15th March, 2017.

2. Proceedings of the Third International Conference of European Academy of Science. C.51. 20-30 December 2018. Bonn. Germany.

3. VIII Ежегодная Международная Научно–Практическая Конференция «Актуальные вопросы медицины. Спутниковый форум по общественному здоровью и политике здравоохранения» 10-12 апреля 2019г. «Молодые врачи Азербайджана» г. Баку, Азербайджан.

3. «Қазіргі ғылым мен білімдегі инновацияның өзекті мәселелері мен

тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция 26-27.01.2017ж. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., Қазақстан.

4. X Юбилейный региональный научно-образовательный форум «Мать и дитя». 28-30 июня 2017г. Геленджик, РФ.

5. «Ана мен бала 2020» атты III Халықаралық ғылыми-білім беру форумы. 02-03 қазан 2020ж. Алматы, Қазақстан.

6. «Ана мен бала» атты аймақтық ғылыми-білім беру форумы. 03 қазан 2019ж. Түркістан, Қазақстан.

7. Түркістан облысы бойынша акушер гинекологтардың отырысы 16.06.2021ж. Хаттама №3. Шымкент қ.

### **Диссертанттың жеке үлесі**

Ғылыми жұмыс 217 «Ғылымды дамыту» бағдарламасының (102 ішкі бағдарлама «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» аясында), «Өмір туралы ғылымдар» басымдылығын гранттық зерттеу аясында, «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын қызбалалар мен жасөспірім қыздардың репродуктивті жүйесінің патологиясын анықтау, оның алдын-алу және реабилитациялау шараларын ұйымдастыруды жетілдіру» атты тақырып бойынша жүргізілді (мемлекеттік тіркеу нөмірі № 0115РК00694).

Диссертант өз бетінше материал жинап, жүкті жасөспірімдерді клиникалық тексеруден өткізді және босануды басқарды, жүкті жасөспірімдерді, медицина қызметкерлерін сауалнамаға қатыстырды, морфометриялық зерттеулері бар арнайы сала мамандарымен бірге жасөспірім қыздарды профилактикалық тексеруге қатысты.

Алынған мәліметтерді талдау және жалпылау, оларды статистикалық өңдеу, сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша әдеби деректер жинақтауды өз бетінше жүргізді.

### **Тәжірибеге енгізу.**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «№3 облыстық перинаталдық орталық» ШЖҚК, «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК, «Рауан

медициналық орталығы» ЖШС, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің медициналық факультеті, Акушерлік іс және гинекология кафедрасына тәжірибеге енгізілді. 6 ендіру актісі бар. ДСБ бастығының бұйрығымен «№3 ОПО» ШЖҚК МКК 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жасөспірімдер үшін 2 гинекологиялық төсек орны ұйымдастырылды.

### **Жарияланымдар**

Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 8 мақала Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 4 мақала Web of Science және Scopus индекстелген мәліметтер базасы журналдарында, 1 оқу құралы «Отбасын жоспарлау», 1 әдістемелік құрал «Экстрагенитальді аурулары бар босану жасындағы әйелдердің жүктілік алды дайындығы».

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК берген 5 авторлық куәлік (оның ішінде 3 ғылыми жұмыс, 2 әдеби шығарма) алынды:

1. «Жүктілікті жоспарлаған экстрагениталды патологиясы бар фертильді жастағы жасөспірім қыздарды (15-тен 19 жасқа дейін) жүктілік алды дайындау алгоритмі». Аталған нысанға берілген құқықтарды мемлекеттік тіркеу №11452.

2. «Қазақстанның экологиялық қолайсыз аймағында тұратын қыздардың, жасөспірім қыздардың денсаулық жағдайын кешенді бағалау шеңберіндегі эпидемиологиялық, клиникалық-зертханалық, экологиялық зерттеулер әдістемесінің ерекшеліктері». Аталған нысанға берілген құқықтарды мемлекеттік тіркеу №8632.

3. «Ювенилді акушерлік іс негіздері. Жасөспірімдік кезеңдегі контрацепция мәселелері. Дәрігерлердің біліктілігін арттырудың жұмыс бағдарламасы. Аталған нысанға берілген құқықтарды мемлекеттік тіркеу №9318.



4. «Балалар гинекологиясының өзекті сұрақтары мен мәселелері». Дәрігерлердің біліктілігін арттырудың жұмыс бағдарламасы. Аталған нысанға берілген құқықтарды мемлекеттік тіркеу № 9059.

5. «Жатырға компрессиялық тігістерді салу әдісі». Аталған нысанға берілген құқықтарды мемлекеттік тіркеу №17208.

### **Тұжырымдар**

1. Түркістан облысындағы жасөспірім қыздардың популяциясы біркелкі емес екендігі анықталды:

- 51,4% үйлесімді дамыған соматотипі бар тұлғаларға;
- 45,8% - дисгармониялық дамуы бар тұлғаларға;
- 2,8% - дисгармониялық дамуы нашарлаған тұлғаларға жатады;

бірақ, ауылдық жерлердегі жасөспірімдердің дене салмағына байланысты физикалық дамуы қалада тұратын қыз балаларға қарағанда баяу.

2. Түркістан облысы бойынша 5 жылдық кезеңдегі (2015-2019 жж.) жасөспірімдердің босану эпидемиологиясын талдау жасөспірімдер арасындағы босану үлесінің өсу тенденциясымен 2,1%-3,1%-ды құрайтынын көрсетті, ал:

- босанушы жасөспірімдердің орташа жасы  $16,9 \pm 1,7$  жасты құрады,
- олардың 43,6%-да ДСИ нормадан асып түсті;
- бақылау тобындағы бір босанушыда экстрагениталды аурулардың 1,4 түрі жоғары деңгейде кездесті;
- кәмелетке толмаған босанушылар арасындағы патологиялық босанулардың үлесі 71,3% құрады;
- мерзімінен бұрын босанудың айтарлықтай жоғары көрсеткіші 19,3% тіркелді;
- ересек босанушылармен салыстырғанда жасөспірім босанушылардың жаңа туған нәрестелерінің салмағы төмен болды ( $3111,7 \pm 249$  г.).

3. Облыстағы жасөспірім қыздардың соматометриялық және жыныстық дамуының ерекшеліктерін зерттеу, облыстағы жасөспірім қыздарды

профилактикалық медициналық тексеруді ұйымдастыру келесідей қажеттіліктерді анықтап берді:

- нысаналы контингентті арнайы бағалау мен оқытуды қамтамасыз ету үшін профилактикалық медициналық тексеруді жүзеге асыратын мамандандырылған топтар бригадасына акушер-гинекологтарды енгізу;

- сондай-ақ, жасөспірімнің жыныстық дамуын бағалау әдісі ретінде пубертограммаларды толтыруға бақылауды күшейту қажеттілігі.

4. Облыстың акушерлік-гинекологиялық қызметінің жұмысын талдау жүкті жасөспірімдерге профилактикалық медициналық тексерулер кезінде акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетудің сапасын арттыру үшін пайдаланылмаған құрылымдық және кәсіби ресурстардың бар екендігін, сондай-ақ, фертильді жастағы жасөспірімдер үшін жүктілік алды дайындық алгоритмін құру қажеттілігін көрсетті және жастар орталығын ақпараттық жұмысқа тарту есепте тұрған жүкті жасөспірімдердің жалпы санын 2,4 есеге, оның ішінде 12 аптаға дейін – 1,9 есеге, ЭГА бар-жоғына емтихан тапсырғандарды – 2,6 есеге; жүктілік алды дайындықтан өткендерді – 3,2 есеге ( $p < 0,001$ ) арттыруға мүмкіндік берді.

#### **Диссертацияның көлемі мен құрылымы**

Диссертациялық жұмыс 124 беттен тұрады және кіріспеден, 5 тараудан, қорытындыдан, тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстардан, 10 қосымшадан тұрады. Жұмыс 24 кесте және 15 суретпен көркемделген. Библиографиялық көрсеткіш 234 дереккөзді қамтиды (136 орыс тілінде, 98 ағылшын тілінде).